

# БІЛІМ МЕРЕКЕСІ АТАЛЫП ӨТТІ

Талды жалпы білім беретін мектебінде «Білім күні» 1 қыркүйекте, «Мектебім - мейірім мекені» тақырыбында дәстүрлі «Алғашқы қоңырау» салтанатты жиыны 1-сынып оқушылары үшін салтанатты шара форматында өткізілді. Аталмыш жиынның мақсаты - білім күні үлкен мереке екенін балаларға жеткізе білу, білімге деген құштарлығын арттыру, білім алушыларды елжандылыққа тәрбиелеу, жаңа оқу жылының салтанатты ашылуын ұйымдастыру және білім алушылардың білім алуға ұмтылысын, патриотизм, еңбекқорлық, жауапкершілік пен өзара сыйластық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ететін мерекелік және шабыттандыратын атмосфера құру. Жаңа оқу жылының күміс қоңырау үнін сағына, асыға жеткен мектеп табалдырығын алғаш аттаған 1 сынып бүлдіршіндері шырайлы салтанатты жиынның шырайын келтірді. Білім күніне орай шуақты қыркүйек айының алғашқы күнінде 1-сынып табалдырығын алғаш аттағалы отырған бүлдіршіндеріміздің қадамы құтты болсын деген игі тілекпен құттықтау сөз кезегі мектеп директоры Калдыбекова Мархабат Амангелдіқызына, бастауыш сынып мұғалімі Алшынбаева Жанбала Шүйкенқызына берілді.

«Өмір бойы мектебімді жыр етем, бір өзінде бақыт, білім берекем» деп 1 сынып білім алушылары мектеп, білім жайында жыр шумақтарын оқып, әуелеткен әуелі әсем әндерімен жиналған ата-аналар мен ұлағатты ұстаздарды, қонақтарды ерекше көңіл күйге толы сезіммен келген қонақтарға шат - шадыман көңіл күй сыйлады. Алғашқы қоңырауды күмбірлете соғу үшін мектеп табалдырығын алғаш аттағалы отырған білім алушылар шақырылды.

«Жаңа оқу жылы құт болып, ізгілік оты жағылсын» деп салтанатты жиынға жиналған білім беру саласының еңбек ардагерлері, қамқоршылық кеңес мүшелері және ата-аналар игі тілектерін білдірді.

**Бауыржан РЫСБЕКОВ,**
**Талды ЖББМ-ның тәрбие ісінің орынбасары.**
**Талды ауылы.**

**Шет өңірі,2024.- 7 қыркүйек (№36).- 2 б.**